

ҚАРАЛДЫ

Педагогикалық кеңесте қаралды

№ 8

Хяаттама

«8»

05

2022 ж



БЕКІТЕМІН

Есет батыр атындағы ОРОММИК

директоры

Т.Р.Анесов

«8»

2022 ж



**Ақтөбе облысының «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ
Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» комуналдық
мемлекеттік мекемесіне 2022-2023 оқу жылына сыныпқа оқушыларды
қабылдау ережесі**

I. Жалпы ережелер

1. Осы «Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ 2022-2023 оқу жылына 7-8 сыныпқа білім алушыларды қабылдау (Одан әрі Ереже) Ережесі, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы (15-20 тармақтары), ҚР Мәдениет және спорт Министрінің 2014 жылғы 03 қарашадағы «Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар қызметінің қағидаларын бекіту туралы» №69 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі "Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 69 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 102 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 17 ақпандағы 2021 жылғы № 44 бұйрығы негізінде «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ ЖАРҒЫСЫ негізінде мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін орындау мақсатында мектептің педагогикалық КЕҢЕСІ (2022 жылғы 31 мамырдағы №6 педагогикалық кеңес) мектеп-интернат-колледжге 2022-2023 оқу жылына оқушылар қабылдау ережесін (ары қарай Ереже) бекітеді.

2. Осы Ереже «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» (ары қарай Мектеп-интернат-колледж) КММ 2022-2023 оқу жылына арналған 7-8 сыныпқа білім алушыларды қабылдау тәртібін белгілейді.

II. Мектеп-интернатқа 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізу ережесі

1. Мекемеге қабылдау конкурстық негізде, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде немесе облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда алдын ала дайындықтан өткен және тандап алынған спорт түрі бойынша Есет батыр атындағы ОРОММИК директорының бұйрығымен бекітілген 2022-2023 оқу жылына жас ерекшеліктеріне байланысты жалпы дене дайындығы мен арнайы дене дайындығы бойынша қабылдау, бақылау нормативтік талаптары негізінде білім алушылар арасында жүргізіледі.

2. Есет батыр атындағы ОРОММИК-ке спорт түрлерінің тізбесін және білім алушылар контингентін спорттық дәрежелері мен атақтарына сәйкес, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның (одан әрі – уәкілетті орган) келісімі бойынша бекітіледі.

3. Есет батыр атындағы ОРОММИК КММ-ге қабылдау келесі олимпиадалық спорт түрлері бойынша жүргізіледі:

1. Бокс;
2. Еркін күресі;
3. WT Таеквондо;
4. Ауыр атлетика;
5. Үстел теннисі;
6. Грек рим;
7. Дзюдо-ка

4. Мекемеге білім алушыларды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Оның жеке құрамын Мекеме директоры бекітеді. Қабылдау комиссиясының құрамы спорт түрлері бойынша мемлекеттік жаттықтырушылардың қатысуымен комиссия төрағасы, мүшелері, комиссия хатшысынан құрылады.

5. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, Қазақстан Республикасында осы Ереженің талаптарына сәйкес білім алуға құқығы бар.

6. Есет батыр атындағы ОРОММИК-не 7-8 класс бойынша ағымдағы жылғы 01 маусым – 20 тамыз аралығында өтініштерді қабылдайды.

7. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен, осы Ереженің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей білім алуға құқығы бар.

8. Есет батыр атындағы ОРОММИК-ке оқуға түсетін білім алушылар келесі құжаттар тапсырады:

- 1) ата-анасының бірінің (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;
- 2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке сәйкестендіру нөмірі бар туу туралы) немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) оқуға түсушінің ата-анасының немесе заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 4) 3x4 өлшемдегі алты фотосурет;
- 5) негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат немесе жалпы орта білім туралы аттестат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (10 және 11 сыныптарға оқуға түсетін кезде);
- 6) Спортшының жеке карточкасы;
- 7) Спорттық дәреже куәлік;
- 8) Куәліктің немесе мынадай спорттық атақтарды немесе спорттық разрядтарды беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме:
"Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері",
"Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері",
"Қазақстан Республикасының спорт шебері",
"Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат",
"1-разрядты спортшы",
"2-разрядты спортшы",
"3-разрядты спортшы",
"1-жасөспірімдік разрядты спортшы",
"2-жасөспірімдік разрядты спортшы",
"3-жасөспірімдік разрядты спортшы"

Медициналық тексеру:

1. Баланың даму тарихы (112)
2. Баланың жеке картасы (026)
3. Егілу картасы Ф-063
4. Эпид аймақ туралы анықтама
5. Диспансерлік есепте жоқ анықтамасы (учаскелік дәрігер)
6. Форма -075/У (хирург, окулист, невропатолог, стоматолог, дерматолог, кардиолог, эндокринолог, учаскелік дәрігер)
7. Талдау нәтижелері :
 - * Жалпы қан нәтижесі
 - * Жалпы зәр нәтижесі
 - * Ішек құрты нәтижесі
8. Жүрек УДЗ-сі (дәрігердің қортындысымен кардиолог)
9. Бүйрек УДЗ-сі.

10.Іш құрылысы УДЗ-сі.

11.Кеуде қуысының флюорографиясы (15 жастан пленкасымен)

*Фтизиатор дәрігерінің есепте жоқ анықтамасы

12.ЭХО ЭГ (бас, ми)

13.МРТ (бас сүйек) бокс бөліміне

9. Оқуға құжат қабылдау барысында білім алушылар психологиялық тесттен өтеді.

10. 7-8 сыныпқа білім алушыларды қабылдау, қазақ тілі, математика және қазақстан тарихы пәндері бойынша емтихан (тест түрінде) және арнайы спорттық дайындықтарынан сынақтар тапсыру арқылы конкурстық негізде жүргізіледі. Мектеп-интернат-колледжге ҚР біріншілігінің жеңімпаз және жүлдегерлері, облыс біріншілігінің жеңімпаздары конкурстан тыс әңгімелесу арқылы қабылданады. Емтихандар ағымдағы жылдың 22-24 тамыз аралығында жүргізіледі.

11. Мекемеге білім алушыларды қабылдау комиссияның ашық отырысында конкурстық негізінде өткізіледі.

12. Қабылдау емтиханы екі кезеңде өткізіледі:

1 кезең – пәндер бойынша білімдерін тексеру емтиханы,

2 кезең–арнайы спорттық дайындықтарынан сынақтар

13. Пәндер бойынша емтихандар тест түрінде өткізіледі.

14. Өткізілу уақыты мен форматы қабылдау комиссиямен бекітіледі.

15. Емтихан және психологиялық тест нәтижелері тізімдемеге және электрондық базаға енгізіледі. Егер де қабылдау емтиханында төмен балл алған жағдайда, қайта тапсыру құқығы болмайды және 2 кезеңге өтпейді.

16. Мектеп-интернат-колледж әкімшілігі ата-аналарды қабылдау емтихандарының қорытындысы мен қабылдау комиссиясының шешімімен таныстырады.

III. Білім алушыларды мектеп-интернат-колледж құрамына енгізу тәртібі

1.Қабылдау комиссиясының шешімі хаттама арқылы рәсімделеді.

2.Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша оқушаларды Мекеме директорының қабылдау туралы бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

3.Мекемеге қабылдау конкурсын өткізу кезінде басым құқыққа ие болатын келесі білім алушылар:

1) Қазақстан Республикасы чемпиондары мен жүлдегерлері, соның ішінде жастар ойындарының, мектеп және колледж оқушылары спартакиадасының, Азия Ұландары,халықаралық жарыстардың жеңімпаздары менжүлдегерлері;

2) «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер» спорт разряды бар спортшылар;

3) Уәкілетті органдардың осы білім беру ұйымында оқуына қарсылық білдірмейтін туралы келісімі арқылы ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және спорттық нәтижелері бар жетім балалар.

4. Есет батыр атындағы ОРОММИК әкімшілігі оқушы-спортшыны қабылдау кезінде әкімшілік, оның ата-анасын немесе заңды өкілдерін Мекеменің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу үшін берілген лицензиясымен, осы Ережесімен, күн тәртібімен, ішкі тәртібі ережесімен, жатақханада тұру ережесімен және Есет батыр атындағы ОРОММИК оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

**Директордың спорт
ісі жөніндегі орынбасарының у.м.а.**

Б.Дәулет

**Директордың оқу
ісі жөніндегі орынбасары**

М.Асанова

**Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары**

С.Нұрмағанбетова